





VIDEO MADE WITH
PICTOCHART






Жүрек-қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау т.б.



8.1.3.12 қантамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау;





Сабақ мақсаттары


- Жүрек-қантамырлар жүйесінің негізгі ауруларын анықтайды және сипаттайды;
- Аталған аурулардың пайда болу себептерін түсіндіреді;
- Жүрек-қантамырлар ауруларының алдын алу жолдарын ұсынады;



Миокард инфаркті – көбіне коронарлы артерияның тромбозынан туындаған жағдай. Алғашқы 2 сағатта бұл аурудан қайталану қаупі өте жоғары, егер науқасты тез арада ауруханаға жеткізіп, тромбты ерітіп жіберсе, бұл қауіп төмендейді.


Белгілері



- кеуде қуысындағы жүректің өте қатты ауруы;
- 15 минуттан артық аурудың басылмауы;



Инсулт - ми бөлігінің қан келмеуге байланысты, өлуі.


Қантаратудың тоқталуының себебі – артерияның атеросклеротикалық түйіндік (бляшка) немесе тромбпен бітелуі. Немесе артерия қабырғасы жарылып, миға қан кетуі мүмкін.





Қалыпты тамыр



Атеросклероз – қанайналымның бұзылуына әкелетін, холестериннің жиналуының нәтижесінде ірі және орташа артериялардың зақымдалуы.




АТЕРОСКЛЕРОЗ

Орналасуына байланысты атеросклероз

1. Жүректің ишемиялық ауруы (стенокардия, миокард инфаркті, аритмия, жүрек кемістігі).
2. Ишемиялық инсульт.
3. Аяқ артерияларының атеросклерозы.
4. Аорта атеросклерозы.
5. Бүйрек артерияларының атеросклерозы аурулардың негізі болады.








Бұл жүректің соғу жылдамдығының минутына 90 реттен жоғары болуы. Кейде науқас өзінің пульсін мойын аймағында ести алады, жүрек жиі – жиі соғуының сезімі пайда болады, басы ауырады, талып қалуы мүмкін.


тахикардия



қалыпты жағдай



Жүректің ишемиялық ауруы
– коронарлы артериялардың
тарылуынан жүрек бұлшықетіне
оттегінің аз мөлшерде
тасымалдануымен байланысты



Оттегінің жетіспеуінен жүрек
бұлшықеті жасушаларының
өлуі


Тапсырма 1.Топтық жұмыс

1-топ: Гипертония мен гипотонияны салыстыр



Кестені толықтырыңдар:

Көрсеткіш	Гипертония	Гипотония
Белгілері		
Себептері		
Қауіп факторлары		



- Дескрипторлар:**
- 1) Гипертонияның 2 белгісін дұрыс атайды;
 - 2) Гипотонияның 2 белгісін сипаттайды;
 - 3) Әр аурудың кемі 2 себебін жазады;
 - 4) Қауіп факторларын дұрыс ажыратады;

2-топ: Инфаркт пен ишемияны салыстыру






Кестені толтырыңдар:

Сұрақ	Инфаркт	Ишемия
Неге қауіпті?		
Белгілері		
Алғашқы көмек		

- Дескрипторлар;
- 1) Инфаркттың қауіптілігін түсіндіреді;
 - 2) Ишемия белгілерін дұрыс жазады;
 - 3) Алғашқы көмектің 1–2 ережесін айтады;
 - 4) Екі ауруды салыстыра алады;



3-топ: Атеросклероз, инсульт, тахикардия



Төмендегі тармақтарды толтырыңдар

Ауру	Сипаттамасы	Себептері	Қай тамыр зақымданады?
Атеросклероз			
Инсульт			
Тахикардия			



Дескрипторлар:

- 1) Әр аурудың кемі 1 сипаттамасын дұрыс береді;
- 2) Себептерін мәтіннен таба алады;
- 3) Қай тамырдың зақымданатынын дұрыс жазады;
- 4) 3 аурудың айырмашылығын ажыратады;

Тапсырма 2

Жұптық жұмыс «RAFT» әдісі


“Менің жүрек саулығым” атты 3 ережеден тұратын жеке профилактикалық жоспар жаз.

R – Рөл: Оқушы

A – Аудитория: Өз сыныптастары

F – Форма: Кеңес

T – Тақырып: Жүрек-қантамыр ауруларының алдын алу



Дескрипторлар:

- 1) Жүрек-қантамыр ауруларының алдын алу жолдарына қатысты кемі 3 нақты ұсыныс жазады – 3 балл;
- 2) Жоспар мазмұнында денсаулыққа пайдалы нақты әрекеттер көрсетеді – 1 балл;

Тапсырма 3

Жеке жұмыс

Функционалдық сауаттылық тапсырмасы “Детектив биолог” ойыны

Мәтін: “Жүрек ауруының себебін тап”

Мектепте бір күнде үш адам денсаулығына қатысты шағым айтты. Барлығының белгілері әртүрлі. Сен — “биология детективісің”. Олардың қайсысы қандай ауруға жақын екенін анықтап, дәлел келтіруің керек.


1-кейіпкер - Айдана (42 жас)

Таңертең басы қатты ауырады. Кейде мұрнынан қан кетеді. Қан қысымы: 160/100 мм

Семіздік бар.

Сұрақ:

- Айданада қандай жүрек-қан тамыр ауруы болуы мүмкін? Неліктен?



2-кейіпкер-Мақсат (55 жас)

Кеудесі қысады. Жаттығуда тез ендігеді. Жүрек аймағы ауырады. Пульс: 96 рет/мин
Қан қысымы — қалыпты.

Сұрақ:


- Бұл қандай ауруға жақын?
- Ишемия ма, инфаркт пе?
- Неге олай ойлайсың?

3-кейіпкер- Тимур (16 жас)

Жаттығудан кейін жүрегі өте жылдам соғады. Пульс: 135 рет/мин. 5–7 минуттан кейін қалпына келеді. Қан қысымы қалыпты.

Сұрақ:



- Тимурда тахикардия бар ма?
- Бұл қалыпты ма, әлде ауру белгісі ме? Түсіндір.



Дескрипторлар:

- 1) Белгілерді талдайды және ауру түрін дұрыс анықтайды — 2 балл;
- 2) Пульс пен қан қысымын салыстырады — 2 балл;
- 3) Логикалық сәйкестендіруді орындайды — 1 балл;
- 4) Қауіпті белгілерді ажыратады — 1 балл;





“Жүрегім не дейді?” әдісі
Бүгін білдім...
Маған қиын болғаны...
Жүрек саулығым үшін енді...

